

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жүйесінде әскери –
патриоттық тәрбие берудің жолдары»**

**Орта білім беру мекемелерінің алғашқы әскери және технологиялық дайындық
мұғалімдерін оқытуға арналған**

Бағдарлама авторлары:

**Сейтжанов Д.С.- М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, «Алғашқы әскери
дайындық» кафедрасының аға оқытушысы**

**Карабалаев К.А.- М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, «Алғашқы әскери
дайындық» кафедрасының аға оқытушысы**

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Білім беру технологияларын дамыту және оқыту деңгейіне қойылатын талаптарды арттыру жағдайында білім беру концепциясының теориялық және практикалық аспектілерін меңгертуді мақсат етеді. Курс мазмұны мұғалімдерге Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды қолдану арқылы Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім беру тәсілдерін тиімді қолдануды үйретуге бағытталған.

Курс барысында қатысушылар:

Білім беру үдерісін жаңартудың мемлекеттік тапсырысын жүзеге асыру бойынша педагогикалық инновацияларды оқу-тәрбие үдерісінде енгізудің тетіктерін меңгерту;

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық-педагогикалық технологияларды ендіруді басқару білігін қалыптастыру;

Нормативтік-құқықтық, әдістемелік, дидактикалық құжаттармен қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызмет нәтижелерін нормативті құжат талаптарына сай бағалай білуді, зерделеуді үйрету;

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін арттыру.

Білім беру негіздерімен, оның принциптерімен және әдістемелік тәсілдерімен танысады. Олар сабақтары мен факультативтік курстарды жоспарлауға және жүргізуге арналған жобалық тәсілдерді, жоспар құру жолдарын және ресурстарды тиімді пайдалануды меңгереді.

Бұл курс педагогтарға пәнаралық байланыстарды нығайту, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, сондай-ақ білім беру процесіне инновациялық әдістерді енгізу үшін қажетті білім мен дағдыларды ұсынады. Қорытынды бөлімде қатысушылар өз жобаларын дайындап, қорғау арқылы алған дағдыларын тәжірибе жүзінде қолданады.

Бағдарлама оқыту сапасын жақсартуға бағытталған өзекті білім беру стандарттары мен талаптарын ескере отырып, сондай-ақ инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалана отырып әзірленді. Бұл мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейін арттыруға ықпал етеді, олардың оқытуды жоспарлау және жүргізу, оларды оқу процесіне біріктіру, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін ресімдеу және ұсыну қабілеттерін дамытады. Бағдарлама тұрақты экономикалық және әлеуметтік өсудің негізгі ресурсы ретінде білім мен ғылымды дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының жалпымемлекеттік басымдықтарын көрсетеді. Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік жоспарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ ғылыми жетістіктерді оқу процесіне біріктіруге ерекше назар аударылады. Бағдарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі

№ 2 бұйрығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, олар білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқушылардың зерттеу дағдылары мен дағдыларын дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бағдарлама екі аптаға бөлінген 80 академиялық сағатты қамтиды.

2. Глоссарий

Интеграция – әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды орнату және оларды бір-бірін толықтыратын элементтер ретінде қарастыру арқылы оқыту.

Жобалық оқыту – оқушыларды нақты жобаларды жасауға немесе мәселелерді шешуге бағытталған білім беру әдісі.

Пәнаралық байланыс – әртүрлі пәндер арасында логикалық және мазмұндық байланысты қамтамасыз ететін тәсіл.

Құзыреттілік – белгілі бір саланы тиімді меңгеруге және практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін білім, дағды және қабілеттер жиынтығы.

Методология – белгілі бір ғылым немесе қызмет саласын зерттеудің әдістері мен тәсілдері жүйесі.

Ресурс – білім беру үдерісінде қолданылатын материалдық немесе ақпараттық құралдар (мысалы, зертханалық жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету).

Сыни ойлау – ақпаратты терең талдау, логикалық және дәлелді шешімдер қабылдау қабілеті.

Инновация – білім беру процесіне жаңа әдістер мен технологияларды енгізу арқылы оның сапасын арттыру.

Факультатив – негізгі оқу жоспарына қосымша оқытылатын пән немесе курс.

Мәселелік оқыту – оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге тарту арқылы оқыту тәсілі.

Критериалды бағалау – оқушылардың жетістіктерін алдын-ала белгіленген нақты критерийлер негізінде бағалау жүйесі.

Шығармашылық ойлау – жаңа идеяларды қалыптастыруға, мәселелерді жаңа тәсілмен шешуге бағытталған ойлау түрі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1 Нормативтік-құқықтық модуль	Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. АӨТД оқытушы – ұйымдастырушыларына арналған нормативті-құқықтық құжаттар. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы. ҚР Еңбек Кодексі.
Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық модуль	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2 Жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үдерісінде «Өзін-өзі тану» пәнінің жүйе құрушы әлеуетін іске асырудың мүмкіндіктері. Қазіргі замандағы менеджменттің корпоративтік мәдениеті. Оқушылар мен жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша шаралар жүргізу. 2007 жыл №319-ІІІ . (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтыруларенгізілді).
Модуль 3. Мазмұндық модуль	Әскер қатарына шақырылатын жастармен патриоттық-тәрбие ісін ұйымдастыру. Оқушылардың білімділік жетістіктерін бағалау. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. Формативті және суммативті бағалау. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалауда (PISA, TIMSS, PIRLS) халықаралық зерттеулердің рөлі. Әскери іс негіздерін оқытуда оқу-көрнекілік және арнайы жабдықтарды пайдалану әдістемесі. Қоғамның әлеуметтік жаңаруы кезеңінде алғашқы әскери дайындық пәнін оқытуды ғылыми қамтамасыз ету. ХХІ ғ. алғашқы ширегіндегі Қазақстандағы ғылым, білім беру ісі және мәдениет. Азаматтық қорғаныс сабағын өткізу әдістемесі. Әскери топография сабағын өткізу әдістемесі мен ұйымдастыру және топографиялық картамен жұмыс жасау. Қол гранаттарының арналуы және ұрыстық қасиеті (РГО, РГН, РГД -5, Ф-1) және мергендік винтовка (СВД) мен қол гранат атқышынан (РПГ-7) ату тәсілдері

	мен ережелері. Білім беру ұйымдарында табиғи апаттан сақтандырудың алдын алу шараларын ұйымдастыру және төтенше жағдайлардағы адамның әрекеті. Саптық дайындық сабағын өткізу әдістемесі мен ұйымдастыру. Саптық әдістер, қарумен және қарусыз қозғалыстар. Мектептегі АӨТД сабағын жоспарлау. Автоматтың арналу мақсаты, ұрыстық қасиеттері, жалпы құрылысы және жұмыс принципі. Тактикалық, техникалық дайындау сабағын өткізу әдістемесі мен ұйымдастыру. Өмір қауіпсіздік негіздері сабағын өткізу әдістемесі. Оқушыларды этникалық және діни толеранттылыққа тәрбиелеу. Шағын сабақтар беру. Шағын сабақтар беруді жоспарлау. Шағын сабақтар беруден үзінділер қорғау. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін анықтау (қорытынды тестілеу). Шығармашылық жобаны қорғау.
Модуль 4. Технологиялық модуль	Оқу-тәрбие үдерісінде интербелсенді технологияларды пайдалану. PowerPoint бағдарламасын пайдалану арқылы презентацияларды құрастыру. Интернет форумды жүргізу үшін, желілік қоғамдастықты құрып пайдалану. Педагогтің АКТ құзыреттілігін арттыру. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану жолдары. Оқу үдерісінде интерактивті компьютерлік технологияны қолдану. Prezi және Padlet веб-сервистері. Портфолио – білім беру ұйымдары педагогтерінің өзін-өзі бағалау құралы. Білім беру ұйымдарында салауатты өмірсалтын ұстанушы ортаны дамыту.
Қорытынды бағалау	Отбасындағы сүйіспеншілік – рухани құндылықтардың негізі. Іскерлік ойындар, тренингтер. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарына қабылдау шарттары. АӨТД сабағында денсаулық сақтаушы технологияны қолдану. АӨТД сабағын оқытудағы әдістемелік негіздері

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды қолдану арқылы Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдеріне білім беру жүйесінің негізгі принциптерін меңгерту арқылы пәндер арасындағы интеграцияны тиімді қолдану және оқыту барысында жобалық, пәнаралық тәсілдерді енгізуге дайындау. Сондай-ақ, мұғалімдерінің кәсіби дағдыларын қалыптастыру бойынша стандарттар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Курс міндеттері:

1. Білім беру үдерісін жаңартудың мемлекеттік тапсырысын жүзеге асыру бойынша педагогикалық инновацияларды оқу-тәрбие үдерісінде енгізудің тетіктерін меңгерту;
2. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық-педагогикалық технологияларды ендіруді басқару білігін қалыптастыру;
3. Нормативтік-құқықтық, әдістемелік, дидактикалық құжаттармен қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызмет нәтижелерін нормативті құжат талаптарына сай бағалай білуді, зерделеуді үйрету;
4. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін арттыру.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар мен факультативтік курстарды әзірлеу әдістерін қарастыру.
2. Қатысушылардың жобаларын әзірлеп, көпшілікке ұсыну және қорғау қабілеттерін дамыту.
3. Оқытудың инновациялық әдістерін білім беру жүйесіне енгізу жолдары қалыптасады.
4. Мұғалімдер өз жобалары арқылы оқушылардың заманауи дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.
5. Жоба тәсілдері арқылы пәндер арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың танымдық қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1 Нормативтік-құқықтық модуль	1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына жыл сайынғы Жолдауы. 1.2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
---	--

	2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. 1.3.Қазақстан Республикасының денсаулық саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 1.4. АӨТД оқытушы – ұйымдастырушыларына арналған нормативтік-құқықтық құжаттар. 1.5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы. ҚР Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III . (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).
Модуль 2. Психологиялық-педагогикалық модуль	2.1.Жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үдерісінде «Өзін-өзі тану» пәнінің жүйе құрушы әлеуетін іске асырудың мүмкіндіктері. 2.2. Қазіргі замандағы менеджменттің корпоративтік мәдениеті. 2.3.Оқушылар мен жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша шаралар жүргізу. 2.4. Деректерді жинау және талдау әдістері. 2.5 Рефлексия
Модуль 3. Мазмұндық модуль	3.1. Әскер қатарына шақырылатын жастармен патриоттық – тәрбие ісін ұйымдастыру. 3.2. Оқушылардың білімділік жетістіктерін бағалау. 3.3.Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. 3.4.Формативті және суммативті бағалау. 3.5.Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалауда (PISA, TIMSS, PIRLS) халықаралық зерттеулердің рөлі.
Модуль 4. Технологиялық модуль	4.1.Ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалану. 4.2. Пәнаралық жобаларды құру және жүзеге асыру. 4.3 Жобаларды бағалаудың критерийлері
Қорытынды бағалау	5.1.Жоба:Идеядан презентацияға дейін. 5.2. Қатысушылардың дайындаған жобаларын қорғау. 5.3. Ашық сабақтарын ұйымдастыру бойынша рефлексия.

	5.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.
--	---

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. "АӘДТ пәнін оқытуда білім беру элементтерін кіріктіру" курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және үй тапсырмасына уақыт кестесіне қосу. Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және жоба презентацияларын қосу. Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және табысты жобалардың мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру. Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану. Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және ғылыми жобаны қорғау. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әр түрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Модуль 1 Нормативтік-	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация тақырып негіздері туралы, тарихи даму

	құқықтық модуль			мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Модуль 2. Психологиялық- педагогикалық модуль	20 сағат	Практикал ық сабақтар, тренингтер	Оқытуды жоспарлау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.
3	Модуль 3. Мазмұндық модуль	20 сағат	Мастер- класс, ашық сабақ	Сабақтың жалпы құрылымы мен ресурстарды пайдалану бойынша ұсыныстар.
4	Модуль 4. Технологиялық модуль	20 сағат	Практикал ық сабақтар	Көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік материалдар мен жаттығулар.
5	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мұғалімдердің алғашқы әскери және технологиялық пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған. Оқушылардың білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы жоба қорғау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың пәндік білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі жобалар, тапсырмалар мен пікірталастарды қамтиды, мұнда тыңдаушылардың қабілеті де тексеріледі. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың жобалардағы нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін

қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ пәндік әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бұл курс білім алушыларға жобалау әдісін тиімді түрде қолдануға көмектеседі, әрі олар жаңа әдістемелер мен білімдерді білім беру саласында қолдану дағдыларын меңгереді.

10.Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1) Методическое пособие по оформлению и организации деятельности учебного кабинета «НВП» - Алматы 2010г.;

2) Уставы Вооруженных Сил РК 2008г.;

3) Образцы документов по планированию начальной военной подготовке. Ерекешов А.М. Астана 2009 г.;

4) Учебная база по начальной военной подготовке. Жахин К.Е., Астана 2010г.

5) Сборник документов по организации ОСОЛ. Чистиков Н.В. Астана 2011г.;

Қосымша әдебиет және ПОҚ әдістемелік материалдары :

6) Оборона Уральска. Амангалиев З.М.Алматы - 1991г.;

7) Военно-патриотическое воспитание. Чистиков Н.В. Астана 2009г.;

8) Основные этапы развития отечественной и зарубежной бронетанковой техники. Чистиков Н.В. Астана 2010г.;

22. Мерзімдік басылым:

1) Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. Журнал № 1, Алматы 2010г.;

2) Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. Журнал № 5, Алматы 2011г.;

3) Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. Журнал № 2, Алматы 2011г.;

4) ОБЖ. Основы безопасности жизнедеятельности. Журнал № 1, Москва 2011г.;

5) ОБЖ. Основы безопасности жизнедеятельности. Журнал № 2, Москва 2011г.

Интернет ресурстары:

<http://orleu-edu.kz>

<http://zkoipk.kz>

http://military-kz.ucoz.org/index/nachalnaja_voennaja_podgotovka/0-34;

[http://satinoschool.ru/test1/p114aa1.html;](http://satinoschool.ru/test1/p114aa1.html)

www.prezi.com

www.padlet.com

www.egov.kz